

## **Қош келдің жаңа жыл!**

**1.Тәрбиеші:**Сәлеметсіздеме.Армысыздар! Аяулы ұстаздар, ата-аналар,бүлдіршіндер, біз сіздерді «Балдырған» тобының атынан жаңа 2023 қоян жылымен құттықтаймыз. Жаңа жылда жаңа табыс , бақыт, денсаулық тілейміз. Еліміз аман, жұртымыз тыныш, бейбітшілік заман болсын.

**2.тәрбиеші:** Құтты болсын ағайын

Жаңа жылың тағыда

Қол соғып қарсы алайық

Шақырайық ортаға

Ертеңгілік басталсын

«Балдырған» тобында.

Балалар ішке кіреді, шыршаны айналып «Шырша жыры» әнін орындайды.

**1.Тәрбиеші:** Балалар айтыңдаршы жылда жаңа жылға бізге қонаққа кім келуші еді. (Аяз ата)

Олай болса Аяз ата мен Ақшақарды шақырайық.

Аяз ата, ақшақар

Біз сендерді сағындық

Тез келіңдер ортаға

Аяз ата, ақшақар

Әуенмен Аяз ата мен Ақшақар кіреді.

**Аяз ата:** Құтты болсын балалар

Келген жаңа жылдарың

Алаңдамай өсіңдер

Еркелеп ұл, қыздарым

Өткен жылы келіп ем

Бәріңдіде көріп ем

Жыл өткізіп келем деп

Уәдемді беріп ем

**2.Тәрбиеші:** Қош келдің аяз ата, ақшақар. Алыстан шаршап келген боларсыңдар. Әсем әнде, биде бар

Отыр ата сәл демал.

Осы кезде, қорқынышты әуен естіледі.

**Мыстан кемпір:** -Ха, ха, ха,       Тары –вары, раставары  
Елка –шырша, каламбей  
Шуры-муры, шары-вары  
Самба-ламба,вилки вей

-Сендерге шырша жоқ, сындырамын шыршаларыңды.

**Аяз ата:** -Мыстан кемпір тентектігіңді қой,балалардың өнерін көрейік.

**Ақшақар:** -Аяз ата таяғыңызбен мыстан кемпірді сыйқырлап тастаңызшы, балаларға кедергі болмасын.

Аяз ата таяғымен мыстан кемпірді түртіп қалады. Мыстан кемпір кешірім сұрап шығып кетеді.

**1 Тәрбиеші:** Мыстан кемпірденде құтылды. Ендеше балаларымыздың жаңа жылға арналған тақпақтарын тыңд



**Иманғали:** Жасыл шырша орманнан  
Бізге арнайы келіпті  
Ойыншығын балалар  
Шыршаға әсем іліпті

**Ая:** Тілеймін мен бар әлемге  
Дос көп болсын жанашыр  
Ата-әже, әке-ана,  
Құтты болсын жаңа жыл.

**Шахкерім:** Келді тағы жаңа жыл  
Қуантумен біздерді  
Құтты болсын қуаныш  
Құттықтаймыз сіздерді.

**Айкөркем:** Шанамызға мінеміз  
Мәз-мейрам боп күлеміз  
Жарысамыз бәріміз  
Жарасып тұр сәніміз

**Сұңқар:** Ақ қырауға малынған  
Сақалы да , мұртыда  
Аяз ата сағынған  
Сәлем берді жұртына .

**2.Тәрбиеші:** Тобымыздың бишілерін шақырайық  
Қошеметпен, құрметпен қарсы алайық  
Бишілерді ырғалтып, би билетіп  
Қол соғып биік шыңға самғатайық.

**Үнді биі:** Аяла, Ая, Нәзерке, Қарақат, Жанбота, Айкөркем.



**1.Тәрбиеші:** Жаңа жыл болса келіп қалды. Біздің қоштасатын барыс жылымыз қайда?

**Барыс** жылы кіреді. Бір жыл бойы сендермен

Бірге жүрдім, ойнадым

Енді міне балалар,

Кезек келді қоштасар

Қуанышты ортамыз сазға ұласқан

Тілегім болсын мәңгі, ашық аспан.

2023 қадам басқан.

Гүлденіп көркейе бер Қазақстан.-деп қоштасады.

**2 Тәрбиеші:** Қош бол барыс жылы.Саған көп-көп рахмет. Ескі жыл есірке, жаңа жыл жаңырқа деп қоян жылын қарсы алайық.

**Қоян жылы:** Мен жаңа жылмын

Мен жаңа нұрмын

Нұрымдыда себейін

Жырымдыда себейін

Мен сендерге бақыт сыйлаймын.

**1Тәрбиеші:** Сағындырып келген бұл

Құтты болсын қоян жыл

Аппақ қары мамықтай

Сыйлай түссін жанға нұр. Қош келдің қоян төрлет. Біздің  
бүлдіршіндеріміздің биін тамашала.

**Буратино биі:** Архат, Ерасыл, Нұртөре, Димаш; Мүслім,  
Анартай,Алмухаммед.



**Тақпақтап:**

**Нұрсая:** Аяз ата тыңдаңыз

Тақпақ айтып берейін

Ортамызда шыршамыз

Ойнап бірге күлейік



**Жанбота:** Әдемілеп біз ілген  
Ойыншықтар тізілген  
Қандай жақсы шыршамыз  
Ән шырқайық баршамыз

**Нәзерке:** Жаңа жылым мол болсын  
Басқан қадам оң болсын  
Төрле-төрле жаңа жыл  
Бізге құтты жыл болсын.

**Нұрдәулет:** Оралдың өлкеме,  
Жаңа жыл армысың  
Оранды ақ көрпеге  
Асқартау, қарлы шың.

**Өзбек биі:** С.Алуа, У.Алуа, Рамина, Несібелі, Айым, Нұрсая.



**Жүргізуші:** Әуеледі әніміз

Жаңа кірді сәніміз

Аяз атамен, ақшақарды ортаға алып

Би билейік бәріміз.

**Аяз ата биі:** Иманғали, Шахкерім, Нұрдәулет, Сұңқар, Нұрым, Нұрислам, Дамир.

**Жүргізуші:** Айта берсек таусылмас

Жаңа жылда жаңа жыр

Кел оданда халайық

Ойын ойнайық жаңа бір

**Ата-аналармен ойын:**

**Аяз ата:** Ал енді біз жолға шығайық. Басқада балалардың өнерін тамашалайық. Ал балаларым сендер өсе беріңдер өркендей беріңдер. Аспандарың ашық болсын! Қош болыңдар!

**Тәрбиеші:** Құрметті қонақтар, балалар жаңа жылға арналған мерекеміз аяқталып қалды. Көріп тамашалағандарыңызға рахмет. Жаңа жыл құтты болсын, отбасыларыңызға тек бақыт пен қуаныш әкелсін

